

ӘОЖ 338.46

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДАМУЫ

**Ғабитқызы Диана, Кусаинова Айна**

*Kussainovaaina@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 2 курс студенттері,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – магистр, аға оқытушы Р.А. Мукатова

Нұр-Сұлтан қаласы – Қазақстан Республикасының елордасы. Қазіргі таңдағы қаланың аумағы 710 км<sup>2</sup> құрайды. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 2019 жылы Астана атауы Нұр-Сұлтан болып бекітілді [1].

Нұр-Сұлтан еліміздің бас қаласы болғандықтан, туристер үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Нұр-Сұлтанды жасады қалаға айналдырып, демалыс және сауықтыру орындарының санын жыл сайын арттырып жатыр. Шет елдік туристер болмасын, өз еліміздегі туристер болмасы ең алдымен мемлекетіміздік Елордасына келіп демалуды қалайды. Сол үшін демалыс, ойын-сауық, мәдени, сауықтыру орындардың саны артуда. Келесі кезекте демалыс ұйымдарының ішіне кіретін ойын-сауық объектілері мен оларға жалпы келушілер саны жайында статистикалық мәліметтер ұсынылған (кесте 1).

Кесте 1. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша демалыс сауықтыру объектілер мен келушілер саны

	Атауы	2013ж	2014ж	2015ж	2016ж	2017ж
1	Ойын – сауық объектілерінің саны (бірлік)	366	477	514	544	602
2	Ойын – сауық объектілеріне келушілер саны (адам саны)	2 235 152	2 664 287	2 988 231	5 243 482	6 588 799
3	Сауда орталықтарының саны (бірлік)	25	25	25	25	26
4	Сауда орындарының саны (бірлік)	12 697	13 827	13 548	13 337	13 898

Ескерту: кесте Stat.gov.kz сайтынан

Егер, 2013 жыл мен 2017 жылдар аралығындағы ойын-сауық орталықтарының саны жыл сайын 100-ге көбейіп отыр, 2015-2016 жылдар аралығында қатты өзгеріс байқалмайды. 2017 жылы ойын-сауық орталықтарының максималды көрсеткішін байқай

аламыз. Бұл жағдай халықаралық EXPO көрмесімен тығыз байланысты болып отыр. Себебі, келетін туристтерге арнап жаңа демалыс, ойын-сауық, мәдени орталықтар ашылды.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сұранысқа көп ие демалыс орындары:

1. Золотой фазан
2. GREEN PARK
3. Ақ бозат
4. Эко-деревня
5. Құлагер
6. Чистые пруды

Демалыс орындарын басым бөлігі қаланың шеткі аймақтарында орналастырылған. Бұл қала тұрғындары үшін де, келушілер үшін де өте қолайлы болып табылады. Күйбең тіршіліктен шаршаған тұрғындар үшін таза ауада тыныққан денсаулықтарына оң әсерін тигізіп қана қоймай, жұмыс істеу қабілеттілігін де арттырады. Жоғарыда аталған демалыс орындарында ұсынылатын қызмет түрлері, бағасы, сапасы келушілер үшін тиімді, әрі қолайлы. Бұдан бөлек, жалпы Ақмола облысы бойынша демалушылар Бурабай аймағын таңдайды. Бурабайдағы демалыс қолжетімді болғандықтан жазғы маусымда демалушылар көптеп келеді. Қонақ үйлер нөмірдің класына байланысты бағасы бір адамға 8-ден 35 мың теңгеге дейін ауытқиды. Шипажайларда баға әр түрлі болып келеді. 11 мыңнан бастып 530 мыңға дейін жетеді. Алайда атап өтілген демалыс орындары қызметтің максималды түрлерін тек жазғы маусымда көрсетеді. Ал қалған үш маусымда кейбіреулерінің жұмыс бәсеңдеп, ал енді біреулерінікі мүлдем тоқтап қалады. Жазғы маусымда суға түсу, күннің астында жату және тағы да басқа демалу түрлері кеңінен ұсынылса, басқа маусымдарда экстрималды демалыс түрлерін, спорттық демалысты, ыстық бассейнде демалуды ұсынуға болады. Бұл тек демалыс ұйымдарына ғана емес, сонымен қоса демалушылар үшін өте тиімді.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сауықтыру ұйымдарының даму жағдайын талқылайтын болсақ келесі мәліметтермен таныса аламыз. Нұр-Сұлтан қаласында шипажайлық-курорттық емдеу тарихы тәуелсіздіктің жиырма жылдық тарихынан тысқары кетеді. Қазіргі уақытта қала аумағында мұндай мекемелердің белгілі бір саны жұмыс істейді. Бұл шипажайларда табиғи жолмен әр түрлі ауруларды емдейтін қызметтің кең спектрі ұсынылады. Ауыр ауруларды, жарақаттарды, ауыр операцияларды бастан кешкен адамдар реабилитацияны қажет етеді, оның ұзақтығы аурудың күрделілігі мен қиындығына байланысты. Уақытында жүргізілген шипажайлық-курорттық емдеу мұндай адамдарға жоғалған күш пен денсаулықты қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дер кезінде жүргізілген шипажайлық-курорттық емдеу аурудың созылмалы түріне ауысуының алдын алуға қабілетті. Алайда осы салада елеулі табыстарға қол жеткізілмеген, шипажайлық аймақтардың инфрақұрылымы тозған және қайта жаңғырту жұмыстары баяу іске асырылып жатыр.

Жалпы сауықтыру ұйымдарына қатысты мәселелер денсаулық сақтаумен тығыз байланысты. Осы бойынша қаламызда «Шипажай-2018» форумы өтіп, жалпы еліміз бойынша 19 климаттық курорттық аймақ, 144 шипажайлық-сауықтыру ұйымы, 56 шипажай жұмыс істейтіні мәлімделді. Аталмыш сала бойынша басты мәселе- мамандандырылған кадрлардың санының аздығы және нормативтік-құқықтық құжаттардың жетілмеуі болып отыр. Еліміз бірегей табиғи ландшафттармен, өзіндік мәдениетпен, өзінің қонақжайлығымен, курорттық аймақтарымен, санаторийлерімен және минералды көздерімен танымал. Астанада БАӘ елшілігі БАӘ-ден Қазақстанға туристерді тарту үшін күш салуда. Елшілік БАӘ тұрғындары үшін туристік анықтамалық әзірледі. Ол дәстүрлердің, ұлттық тағамдардың қысқаша тарихын, қонақ үйлер, ауруханалар, туристік орындар, курорттар туралы ақпаратты қамтиды [2]. Төмендегі статистикалық мәліметтерге сүйеніп, сауықтыру ұйымдары жайындағы мәліметтерді ала аламыз.

2017 жылы обыстың алты өңірінде 12 қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары жұмыс істеді, 2016 жылға қарағанда 1-ге кеміді. Соның ішінде 6 санаторий,

туберкулезге қарсы мамандандырылған 2 санаторий, пантымен емдеу қызметін және өзге де емдік-сауықтыру қызметін атқаратын 4 ұйым. Облыстағы санаториялық-курорттық ұйымдардың үлесінің көбі жеке меншікке – 75%, мемлекет меншігіне – 25% тиесілі.

Бір жылда емдеу курсың өткендер және облыстың санаториялық-курорттық ұйымдарында демалғандар саны 14,8 мың адам, жартысынан көбі (66%) – әйел адам, 1%-дан кемі басқа елдің азаматтары. Қалпына келтіру емі ұйымдарында жыл соңына 935 төсек орындары, соңын ішінде 180 (19,3%) балаларға орналастырылған. Олармен 176,7 мың төсек-күн өткізілді, немесе орташа алғанда 12 күннен емделу және сауықтыру демалысын құрайды [3].

Жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, емдік орталықтар қызметін тұтынушы адамдар саны жыл сайын жоғарылайтынын көре аламыз. Ал оны қалпына келтіру немесе дамыту жұмыстары айтарлықтай көтерілмей жатыр. Сауықтыру орталықтарының қызметін жылда жақсартып, дамытып отыру қажет. Себебі, қазіргі экологияның бұзылуының әсерінен, сонымен қатар электронды жүйелерді көп қолданудың себебінен адамдардың денсаулығы нашарлауда. Егерде мемлекет тарапынан осындай ұйымдарға көмек білдірілсе халықтың да орташа өмір сүру жасы ұзарар еді деген ойдамыз. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей адамдардың жұмыс істеуге деген қабілеті артады. Нұр-Сұлтан – Елорда, сол себептен бұл мәртебе демалыс және сауықтыру ұйымдарын дамытуға көп мүмкіндік береді.

Қорыта келе, шипажайлық-курорттық кешенін тиімді дамыту халықтың денсаулық жағдайына оң әсер етеді, науқастану мен мүгедектік деңгейін азайтуға, емханалар мен стационарларда науқастарды емдеуге арналған шығыстарды азайтуға ықпал ететін болады. Курорттар мен емдеу-сауықтыру орындары инфрақұрылымының жай-күйін жақсартуға, барлық шипажайлық-курорттық кешеннің экономикалық тұрақтылығы мен пайдалылығын қамтамасыз етуге алып келеді, республиканың құнды табиғи емдеу ресурстарын сақтауға және ұтымды пайдалануға, санаториялық-курорттық қызметтер көрсету деңгейін және халықаралық нарықта отандық курорттық кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. [ҚР Президентінің ресми сайты](http://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/astana) [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: [http://www.akorda.kz/kz/republic\\_of\\_kazakhstan/astana](http://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/astana)
2. Санаторлық-курорттық туризмнің дамуы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://tengrinews.kz/medicine/razvitie-sanatorno-kurortnoy-otrasli-stranyi-obsudili-astane-342771/>
3. ҚР Статистика Комитетінің ресми сайты [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>